Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 – 2025 оқу жылына арналған музыка
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы
Топ : Кіші топ (Айгөлек)
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек - Мамыр айы 2024 жыл

№	Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Өтетін күн
1	Қыркүйек	**Музыка тыңдау:** Балаларды бейнелі музыкамен таныстыру. **Ән айту:** музыкаға деген қызығушылығын, оны тыңдауға, ән айтуға, билеуге, ойнауға құштарлығын тәрбиелеу. **Музыкалық және ырғақты қимылдар:** қадам мен жүгіру ырғағын меңгеру. **Би, билеу**: балалардың музыкалық қабілеттерінің көрінуін қалыптастыру. **Ойын**: музыкаға деген қызығушылығын, әуенмен бірге ойнауға құштарлығын тәрбиелеу	**03.09.2024ж** **10.09.2024ж** **17.09.2024ж** **24.09.2024ж** **01.10.2024ж**
2	Қазан	**Музыка тыңдау**: әннің мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру. **Ән айту**: әнге деген қызығушылықты қалыптастыру, әннің жеке буындары мен сөздеріне қосылып ән айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** музыка әуенімен жүру, жүгіру дағдыларын қалыптастыру. **Би билеу:** балалардың музыкалық қабілеттерінің көріністерін қалыптастыру. **Ойын:** музыкаға деген қызығушылықты, оның әуеніне ойнауға құштарлығын тәрбиелеу	**08.10.2024ж** **15 .10.2024ж** **22 .10.2024ж** **29.10.2024ж**

3	**Қараша**	**Музыка тыңдау**: музыкалық-қимылдық көрсетілімсіз жаңа әндерді тыңдау; музыкаға қызығушылығын және балалардың есту зейінінің тұрақтылығын дамыту. **Ән айту:** жеке және топпен ән айту дағдыларын дамыту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** әндерді сахналау үшін қимылдардың жеке элементтерін қолдану, қарапайым қозғалыс тізбегін есте сақтау дағдыларын дамыту. **Би, би билеу:** балалардың музыкалық қабілеттерін қалыптастыру. **Ойын**: музыкаға деген қызығушылықты, оның әуенінде ойнауға құштарлығын арттыру	**05.11.2024ж** **12.11.2024ж** **19.11.2024ж** **26.11.2024ж**
4	**Желтоқсан**	**Музыка тыңдау:** музыкаға деген қызығушылықты және балалардың есту зейінінің тұрақтылығын дамыту. **Ән айту:** ән айтудың негізгі дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, мәнерлеп ән айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** балаларды музыкалық-ырғақтық мәдениетті қабылдауға баулу; музыкамен шеңберде жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру. **Би, билеу:** кеңістікте бағдарлауға, басқа балалармен бірге ересек адамның артынан топтала қозғала білуге үйрету. **Ойын:** мәтінді орындай отырып, әннің мазмұнын сахналауға үйрету	**03.12.2024ж** **10.12.2024ж** **17 .12.2024ж** **24.12.2024ж** **31.12.2024ж**
5	**Қаңтар**	**Музыка тыңдау:**Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. **Ән айту.**:Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдату. **Күтілетін нәтиже**: Балалар музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата біледі; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыланған;көңілді музыканы тыңдай отырып, шаттық көңіл күйге бөлену сезімі қалыптасқан; әнді тыңдап, сипатын ажыратады; көңілді музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды жасап, музыка сипатын ажыратып және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай алады	**14.01.2025ж** **21.01.2025ж** **28.01.2025ж**
6		**Музыка тыңдау:** Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. **Ән айту:**Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**. Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. **Күтілетін нәтиже**: Балалардың әуенді есту, сезіну қабілеттері қалыптасқан; табиғи дауыспен ән айтып, әнді дұрыс қабылдай біледі; қарапайым ырғақты қимылдарды орындап; музыканың әртүрлі темпі мен	**04 .02.2025ж** **11.02.2025ж** **18.03.2025ж** **25.02.2025ж**

		ырғағын және таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттері қалыптасқан; қарапайым ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып, орындай біледі;ойындарды ережесін сақтап ойнап, қол және саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталайды.	
7	**Наурыз**	**Музыка тыңдау.** Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. **Музыкалық шығарманың көркем құралдарын**: дауысы (ақырынқатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.	**04.03.2025ж** **11.03.2025ж** **18.03.2025ж** **25.03.2025ж** **01.04.2025ж**
8	**Сәуір**	**Музыка тыңдау:**Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру. **Ән айту**. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. **Күтілетін нәтиже**: Балалар әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсінеді; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратады, ән айту дағдылары қалыптасқан; музыкалық-ырғақтық қимылдардытоппен еркін жасауға дағдыланған. Әуенді тыңдау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсінеді және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттерін үйренген; би қимылдарын заттармен жасайды; қол саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталайды	**08.04.2025ж** **15.04.2025ж** **22.04.2025ж** **29.04.2025ж**
9	**Мамыр**	**Музыка тыңдау**. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. **Ән айту.** Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. **Күтілетін нәтиже**: Балалар әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғалады және ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдылары қалыптасқан; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасап және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай біледі; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйренген; жеңіл адыммен өзін айнала	**06.05.2025ж** **13.05.2025ж** **20.05.2025ж** **27.05.2025ж**

		адымдау және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттері қалыптастасқан. Балаларды әннің әуенімен ырғақты қимылдап, көңілді әннің сипатын қарқынынан ажырата білу қабілеті қалыптасқан; музыкалық пьеса ырғағына сай топта және жұпта билеу дағдыларына жаттыққан.	